

**Меңдігереев К.Б.,** *тарих ғылымдарының кандидаты*  
*Атырау инженерлік-гуманитарлық институты*

**Таштанов Ж.А.,** *аға оқытушы*  
*М. Әуезов атындағы ОҚМУ*

### **Этномәдениет және жас ұрпақ**

Қазақ халқының мынадай нақыл сөзі бар: «Ел мықты болса, ел ағасынан, үй мықты болса, бел ағашынан» деген. Шынтуайтуына келгенде, Қазақтың тұңғыш президенті ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – білгір, дана, көреген, алдын болжай алатын, ешкімді бөліп-жармайтын, баршаның баласын бауырына басқан қазақ болса, сол қазақтың рухтағы бүгінгі таңдағы Ұлы тұлғамыз деп білеміз. Ол бірде-бір ұлттың өкілін алаламай, теңдікте ұстап, еліміздегі ынтымақты, тұрақтылықты, туыстықты, татулықты сақтап, ту етіп отыр.

Еш уақытта еліміздегі достық, бірлік, ынтымақтың шекарасы бұзылмасын деп тілейміз және саған атсалысу міндетіміз деп білемін. Осының барлығына ұйытқы болып отырған қазақ елі екенін ешкім ешқашан ұмытпауы керек. Ал соның бәрін жүйеге келтіріп, ұқсатып, бөлмей-жармай ұстаған ел басшысы Нұрсұлтан Әбішұлының керемет кемел саясаты, ерең еңбегі.

«Халық Құдайдан бір жас кіші» деген. Мен – ел ішін көп аралап, халықпен етене араласып Елдің пейілін пікірін білемін. Сондықтан, халықтың пікірімен, халықтың ойымен санасып, халықтың ойымен санасып, Мәңгілік Еліміздің көшбасшысын – Елбасымызды асқақ биік санадан көрудеміз деген **Асылы Османова Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері** сөзінің жаны бар. Қазіргі әлемдік дағдарыс жағдайында мемлекетімізде жиналған қаражат осындай жағдайда әлеуметтік саланы қалыпты күйде ұстап, экономикалық дағдарыстан алып шығуға бағытталғын Елбасының «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» бағдарламасын бүкіл әлем жұртшылығы қызығушылықпен қабылдап отыр. Оны жүзеге асыруды ел бірлігі мен мемлекеттік тұрақтылықтың маңызы күннен-күнге арта түсуде. Ассамблея алғашқы құрылған күнінен бастап Елбасы саясатының тірегіне айналғаны белгілі. Тарихымыздағы шешуші сәттерде Елбасының дұрыс бағдарлауы елдің қолдауын тауып, бүгінгі күні өзінің дұрыстығын дәлелдеп отыр. Елбасының

әрбір бағдарламасы халықтың көкейіндегісін дөп басқандығын атап өткеніміз жөн.

Қазіргі Қазақстан жағдайында қалыптасқан мәдени-тарихи үдерістердің өскелең жасұрпақ тәрбиесіне зор ықпал етері сөзсіз ақиқат.

Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері тұрады. Бұл өз кезегінде, әр ұлт өкілінің төл мәдениетін, ана тілін сақтап, ұлттық салт-дәстүріне қызығушылығын арттыру, оларды игеруге ұмтылысын күшейту қажеттілігі туындайтыны анық. Сонымен қатар, өз мәдениетімен қоса ортақ Отанға, мемлекеттік тілге құрмет көрсету, халықтың этностық-мәдени мүдделерін іске асыру – білім саласындағы аса маңызды міндеттердің бірі екендігін өскелең өмір дәлелдеп отыр.

Бүгінгі таңда этномәдени тұрғыда толыққанды дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған этнос (ұлт) қалыптастыру міндетін алға қойған мақсат. Мұның барлығы қазіргі таңда этномәдени білімі маңызды тақырыпқа айналуы тиіс.

«Қазақстанның ел бірлігі доктринасында» ұлт бірлігінің негізгі қағидаты – «біріктіруші және бекітуші ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту» көрсетілген, оның халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке, тілге сүйенетіндігі айтылған. Сондықтан да доктринада мемлекет алдына оларды жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту міндеті қойылады, мемлекеттің, әр азаматтың, қоғамның жауапкершілігі айқындалады.

Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру жүйесін реттеу мен дамытудың басты қағидасы еліміздің негізгі заңнамалық құжаттарында көрініс тапқаны белгілі. Олар: 1997 жылы Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы, 2007 жылы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес бекіткен бірнеше Тұжырымдамалар: 1994 жылы Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, 1995 жылы Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы, 1996 жылы Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы және т.б. Оларда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі анық тұжырымдалған.

Отамызға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының қолдауымен қабылданған «Қазақстанның ел бірлігі» Доктринасымен, «Тілдердің үштұғырлылығы» ұлттық мәдени жобамен және

«Мәдени мұра» бағдарламасымен де үндесіп жатыр. «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында қазақтың төл тарихы мен этномәдениеті жан-жақты зерделеніп, оның негізгі нәтижелері ғылымның әлемдік деңгейінде жарық көріп отыр. Сондықтан, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының әлі де шешілмей жатқан мәселелерін жоғарғы оқу орнының студенттеріне этномәдени білім берудің тарихын зерттеуде ғылымның маңызы зор.

XX ғасырдың аяғында әлемдік білім беру жүйесінде ұлттық білім беру жүйелерінің интеграциясы негізінде тарихи-педагогикалық мұраларды жаһандандыру үрдістері қарастырыла бастады. Жалпы адамзаттық құндылықтар ұлттық дәстүр, мәдениет, тәрбиелік-білімдік жүйелердің өзара әрекеті мен сан түрлілігінде дамиды және молаяды, жетіледі.

«Тарихымызды білмей тұрып алға жылжудың қиын екені белгілі. Сондықтан, бүгінде өткенімізді ой елегінен өткізіп, барымызды екшеп, жоғымызды іздеп жатқан жайымыз бар», – деген академик М.Қ.Қозыбаевтың пікірі этномәдени тарихының көкейкестілігін айқындай түседі. Олай дейтініміз, бүгінгі таңда этномәдени білімнің нәтижелі жүзеге асуы үшін ел тарихында қалыптасқан игілікті тәжірибелерді саралап, қорыту және оның даму үрдістерін айқындау – кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Сонымен еліміздегі этномәдени білім беру идеяларының, теориясы мен практикасының қалыптасуы мен даму тарихын зерделеудің көкейкестілігі алда тұрған міндеттердің негізгі тұжырымдамасы екені анық.

«Этномәдени білім беру» ұғымын біз қалыптасқан ғылыми көзқарастан кеңірек қарап, бұл мәселеленің ауқымы халық педагогикасы құндылықтарын, этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениеттану ғылымдарының мазмұнының қамтитынын тереңірек зерделеуімізді қажет етеді. «Этномәдениет», «этноәдени білім» терминдерін қолдану, меніңше отанымызда ұлттық-мәдени білім беру ісінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді әрі қазіргі күнгі толерантты жаңа ғылыми және этносаяси бағыттарды жаңаша көзқараспен бағалауды қажет етеді.

Біз этностық (ұлттық) мәдениетті ел тарихында ғасырлар бойы халқымыздың еркін және ерікті шығармашылығы нәтижесінде жасалған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар сапында бағалаймыз. Этностық-мәдени білім – осы ұлттық құндылықтарымызды, түркі әлемінің ортақ мәдени мұраларын, қазақстандық этностар мен этностық топтардың рухани-адамгершілік әлеуетін, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген ұлттық қазына. Этностық-мәдени білім беруді осы баға жетпес

байлықты сақтаушы, дамытушы және жас ұрпаққа жеткізуші бірден бір құрал деп бағалаймыз.

Этномәдени тұрғысында жалпыадамзаттық мәдениетті меңгеруге бейімдеу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық мәдениет жиынтығы жас ұрпақ бойында көрініс беруі, мәдениет аясында жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыруын дәлелдеп дамытуымыз керек.

Жоғарғы оқу орны студенттеріне этномәдени білім беруге Қазақстан халқы ассамблеясы аясында оқу-тәрбие үдерісінің түрлі тұжырымдарын қарастырған еңбектерді назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Дегенмен, ресми құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге, жоғарғы оқу орындарында практикасына жасалған талдау Қазақстанда студенттерге этномәдени білім беру тарихы арнайы зерделенбегенін көреміз.

Бүгінгі күн талабынан туындап отырған этникалық толерантты жасұрпақ қалыптастыруды біртұтас үздіксіз тарихи - педагогикалық даму ретінде қарастыру жоғарғы оқу орны студенттеріне этномәдени білімнің қалыптасуы мен дамуын тұжырымдамалық тұрғыдан талдауға, бағалауға, пайдалану мүмкіндіктерін анықтауға және даму болашағын көрсетуге мүмкіндік жасауымыз керек.

Отанымыздағы қоғам өміріндегі этностық және жалпы адамзаттық құндылықтардың өзара қатынасын, жеке тұлға, ұлттар мен ұлыстардың өркениет пен мәдениет әлеміне жеке дара этностық-мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, студенттердің мәдени сабақтастық байланыстарын қамтамасыз ету оқытушы-профессорлардың алда тұрған қалтқысыз міндеті екенің естен шығармауымыз керек.

### **Аннотация**

В данное статье отражена этнокультурное воспитание студенческого молодежа.

### **Annotation**

In this article reflects the ethnic and cultural education of students.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Н. Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // докт. дисс. қолжазб. – Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру концепциясы.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы

4. Н.Ә. Назарбаев. «Ғасырлар тоғысында». – Алматы, 1996.
5. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан халқы Ассамблеясына 15 жыл»